

44-4/1661

13.12.17\*

Білім және ғылым саласындағы  
бақылау комитеті

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті, Сіздің мамандықтар бойынша біліктіліктерге қатысты хатыңызды қарастырып, келесіні хабарлайды.

Қазіргі таңда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2009 жылғы 20 наурыздағы №131-од бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуішіне сәйкес жүргізіледі.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес аталған мамандық бойынша білім алған түлектері ғылыми зерттеу, білім беру (педагогикалық), ұйымдастыру және басқару қызмет түрлерін атқарады.

Сонымен қатар, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітірушілер жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде **қазақ тілі мен әдебиеті** пәндерінен дәріс беру, мамандығына қатысты ғылыми, әдеби, мәдени шаралар ұйымдастыру функцияларын атқарады.

Аталған стандартқа сәйкес орыс тілі мен әдебиеті пәндерінен дәріс беру немесе оқыту функциясы қарастырылмаған.

Оған қоса, Қазақстан Республикасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуішінде «Білім» мамандықтар тобында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығынан бөлек «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы қарастырылған.

Сонымен қатар, «Математика» мамандығы бойынша жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, кәсіби қызметінің функцияларына: жаратылыстану ғылымдардағы, техникадағы процесстер және құбылыстардың математикалық үлгілерін өңдеу, программалық кешендерді жасау, білім беру саласында оқыту, математиканы қолданатын облыстардағы, ғылыми зерттеу жұмыстары кіреді.

«Химия» мамандығының бітірушілері мынадай кәсіби қызмет түрлерін

атқара алады: жалпы орта білім беру, кәсіби-техникалық білім беру, арнайы орта білім беру, сонымен қатар мектептен тыс ұйымдарда және қосымша білім және тәрбие беру оқу-тәрбиелік ұйымдарында және мекемелерінде келесі кәсіптік қызметтің түрлерін орындауға мүмкіндігі бар: диагностикалық, білім беру (педагогикалық), жобалық, ғылыми-зерттеу, өндірістік-басқару, ұйымдастыру-технологиялық, бағыттама-болжаулық, ақпаратты-түсіндірмелі, коммуникативті-ынталандыру, сараптау-бағалау.


Сондай-ақ, педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілігіне қойылатын талаптар «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен анықталады.

Директордың орынбасары



Б. Нарбекова

 О.Шохаяев

 742-412

